- 36 Ыдыс жуғыш машинасы үшін арналған
- 37 Жуғыш және шайғыш затты қолдану
- 38 Мульти таб функциясы
- 38 Ас құралдары менен ыдыс-аяқты салу
- 39 Жуу программалар
- 41 Жуу бағдарламасын таңдау және бастау
- 43 Күту менен тазалау
- 44 Не істерсіңіз, егер...
- 47 Техникалық сиппатама
- 48 Қоршаған ортаға зиян келдірмеу туралы мағлұматтар

Осы қолдану туралы нұсқауларда астыда көрсетілген белгілер қолданылады:



Өзіңіздің жеке бас қауіпсіздігіңіз менен бұйымды бұзылдырмай қолдану туралы мағлұматтар.



Жалпы мағлұматтар менен кеңестер



Қоршаған ортаға зиян келдірмей пайдалану туралы нұсқаулар

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.



## ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Құрылғыны орнатып, пайдаланудан бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз:

- Өз қауіпсіздігіңіз бен мүлкіңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін.
- Қоршаған ортаға өз үлесіңізді қосу үшін.
- Құрылғының дұрыс жұмыс істеуі үшін.

Құрылғыны басқа жаққа көшірсеңіз немесе басқа адамға берсеңіз, осы нұсқаулықты әрқашан онымен бірге қалдырыңыз.

Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде орын алған ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

### Балалар мен әлсіз адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

- Кембағал, сезім мүкестігі бар немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ немесе қолдана білмейтін адамдарға, балаларға оны іске қосуға рұқсат бермеңіз. Олар осы құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз. Тұншығып қалу немесе жарақат алу қаупі бар.
- Жуғыш заттардың барлығын қауіпсіз жерде сақтаңыз. Балаларға жуғыш затты ұстауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғының есігі ашық тұрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз.

### Қауіпсіздік туралы жалпы мағлұмат

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамаларын өзгертпеңіз. Жарақат алу немесе құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.
- Көз, ауыз, өңеш күйіп қалмас үшін, жуғыш зат өндірушісінің қауіпсіздік нұсқауларын орындаңыз.
- Құрылғыдағы суды ішуге болмайды. Құрылғыда жуғыш заттың қалдығы қалуы мүмкін.
- Құрылғының есігін қараусыз ашық қалдырмаңыз. Бұл жарақаттанып қалуға және ашық есікке соғылып қалуға жол бермеу үшін қажет.
- Ашық тұрған есіктің үстіне отырмаңыз немесе үстіне шығып тұрмаңыз.

### Қолданылуы

- Бұл тек үйде қолдануға арналған құрылғы. Адам жарақаттануға жол бермеу және мүлікке нұқсан келтірмеу үшін құрылғыны басқа мақсатта қолданбаңыз.
- Құрылғыны тек ыдыс жуғыш машинада жууға болатын заттарды жуу үшін ғана қолданыңыз.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз. Жарылыс немесе өрт шығу қаупі бар.

- Пышақтар мен ұшы үшкір заттардың барлығын ас құралдары себетіне ұшын төмен қаратып салыңыз. Немесе үстіңгі себетке көлденеңінен не пышақ салатын себетке салыңыз. (Пышақ салынатын себет тек кей үлгілерде ғана бар).
- Ыдыс жуғыш машинаға арналған арнайы құралдарды (жуғыш зат, тұз, шайғыш зат) ғана қолданыңыз.
- Ыдыс жуғыш машинаға арналмаған тұздар су жұмсартқышқа нұқсан келтіруі мүмкін.
- Тұзды ыдыс жуғыш машинаға жуу бағдарламасын бастамай тұрып салыңыз. Құрылғыда қалған қалдық тұз құрылғыны тоттандыруы немесе табанын ойып жіберуі мүмкін.
- Шайғыш зат сауытына шайғыш заттан басқа бөгде зат (мысалы, ыдыс жуғыш машинаны тазартқыш, сұйық тазартқыш) салмаңыз. Бұл құрылғыны бүлдіруі мүмкін.
- Жуу бағдарламасын бастамай тұрып, бүріккіш түтіктердің еркін айнала алатынына көз жеткізіңіз.
- Жуу бағдарламасы орындалып тұрғанда құрылғы есігін ашсаңыз, ыстық бу шығып кетуі мүмкін. Күйіп қалу қаупі бар.
- Ыдыстарды жуу бағдарламасы аяқталғанша құрылғыдан алмаңыз.

## Күту менен тазалау

- Құрылғыны тазалар алдында, оны сөндіріңіз де, ашаны розеткадан алыңыз.
- Тұтанғыш заттар немесе тот бастыратын заттарды қолданбаңыз.
- Құрылғыны сүзгілерін салмай іске қосуға болмайды. Сүзгілердің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Теріс орнатылса ыдыс-аяқтарды жуу нәтижесі қанағаттанғысыз болып, құрылғы бүлініп қалуы мүмкін.
- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді немесе буды қолданбаңыз. Электр қатері орын алуы және құрылғыға нұқсан келуі мүмкін.

## Орнату

- Құрылғының еш жерінің бүлінбегеніне көз жеткізіңіз. Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз, сатушыға хабарласыңыз.
- Құрылғыны орнатып іске қосар алдында орам материалдарының барлығын алыңыз.
- Электр қосылымына, құбыр жүйесіне, құрылғыны орнатуға қатысты жұмыстарды тек білікті маман іске асыруға тиіс. Бұл құрылғының құрылымына немесе адамға зақым келмес үшін қажет.
- Құрылғыны орнату барысында оның ашасының розеткадан ағытылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының қабырғаларын, оның гидравликалық немесе электрлік бөлшектерін бүлдіріп алмас үшін бұрғылап теспейіз.
- **Маңызды!** Құрылғымен бірге келген парақтағы нұсқауларды орындаңыз:
  - Құрылғыны орнату.
  - Есік панелін құрастыру.
  - Сумен жабдықтау және су төгу жүйелеріне қосу.
- Құрылғының үсті мен жан-жағын қоршаған конструкциялардың қауіпсіз болуын қамтамасыз етіңіз.

## Мұздап қалуға қарсы сақтық шаралары

- Құрылғыны температурасы 0 °C градустан төмен жерге орнатпаңыз.
- Мұз қату салдарынан болған ақаулық үшін өндіруші жауапкершілік көтермейді.


## Суға қосу

- Құрылғыны су жүйесіне қосу үшін жаңа түтіктерді пайдаланыңыз. Бұрын қолданылған түтіктерді пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жаңа құбыр жүйелеріне немесе ұзақ уақыт қолданыста болмаған құбырларға қоспаңыз. Суды бірнеше минут ағызып қойыңыз да, содан кейін су құятын түтікті жалғаңыз.
- Құрылғыны орнатып жатқанда, су түтіктерінің жаншылып қалмағанын немесе бүлінбегенін тексеріңіз.
- Су құбыры жалғастырғыштарының су ақпайтындай берік орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны алғаш рет іске қосқанда, түтіктерінен су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Су құятын түтік, ішіне сым өткізілген екі қабат қаптамадан тұрады және қауіпсіздік клапанымен жабдықталған. Су құятын түтікте тек су құйылған кезде ғана қысым пайда болады. Су құятын түтіктен су ақса, қауіпсіздік клапаны ағып жатқан суды тоқтатады.
  - Су құятын түтікті жалғаған кезде абай болыңыз:
    - Су құятын түтікті немесе қауіпсіздік клапанын суға батырмаңыз.
    - Су құятын түтік немесе қауіпсіздік клапаны бүлінсе, ашаны дереу розеткадан суырыңыз.
    - Қауіпсіздік клапаны бар түтікті ауыстыру үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



### Назарыңызда болсын!

Қатерлі кернеу.



## Электртоғына қосу

- Құрылғыны міндетті түрде жерге қосу қажет.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз.

- Өрқашан дұрыс орнатылған, электр қатерінен сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты аша мен ұзартқыш сымды қолданбаңыз. Өрт шығу қаупі бар.
- Қорек сымын ауыстырмаңыз немесе өзгертпеңіз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының арт жағындағы аша мен қорек сымының жаншылып немесе бүлініп қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны ажырату үшін қуат сымынан тартпаңыз. Өрқашан ашасынан тартып ажыратыңыз.

### Қызмет көрсету орталығы

- Құрылғыны тек уәкілетті техник ғана жөндеуге немесе оған қатысты жұмыстарды орындауға тиіс. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тек фирмалық қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз.

### Құрылғыны тастау

- Адам жарақаттанып немесе мүлікке зиян келмес үшін:
  - Ашаны розеткадан ағытыңыз.
  - Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
  - Есіктің бекітпесін ағытып алыңыз. Бұл балалар мен үй жануарлары құрылғыға кіріп қамалып қалмас үшін қажет. Тұншығып қалу қаупі бар.
  - Құрылғыны жергілікті қоқыс тастайтын жерге тастаңыз.




### Назарыңызда болсын!

#### **Ыдыс жуғыш машинаға арналған жуғыш заттар қауіпті және тоттандыруы мүмкін !**

- Егер осы жуғыш заттардан болып оқыс жағдай орын алса, дереу дәрігерге хабарласыңыз.
- Жуғыш зат ауызға түсіп кетсе дереу дәрігерге хабарласыңыз.
- Жуғыш зат көзге түсіп кетсе, дереу дәрігерге хабарласыңыз және көзіңізді сумен шайыңыз.
- Ыдыс жуғыш машинада қолданылатын жуғыш заттарды қауіпсіз, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Жуғыш зат үлестіргіште жуғыш зат болған кезде, құрылғының есігін ашық қалдырмаңыз.
- Жуғыш зат үлестіргішін жуу бағдарламасын бастардың алдында ғана толтырыңыз.

## БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ



- 1** Үстіңгі себет
- 2** Су кермектігі тетігі
- 3** Тұз сауыты
- 4** Жуғыш зат үлестіргіші
- 5** Шайғыш зат үлестіргіші
- 6** Техникалық ақпарат тақтайшасы
- 7** Сүзгілер
- 8** Астыңғы бүріккіш түтік
- 9** Үстіңгі бүріккіш түтік
- 10** Үстіңгі бүріккіш түтік

### Көрінетін сигнал


- Жуу бағдарламасы басталған кезде, құрылғы есігінің астыңғы жағынан қызыл сигнал көрінеді. Қызыл сигнал жуу бағдарламасы аяқталғанша жанып тұрады.
- Жуу бағдарламасы аяқталған кезде, құрылғы есігінің астыңғы жағынан жасыл сигнал көрінеді.
- Құрылғыда ақау пайда болған кезде, құрылғы есігінің астыңғы жағында қызыл сигнал жыпылықтайды.



Құрылғыны ас үй жиһазымен деңгейлестіріп, биіктете орнатқан жағдайда, оптикалық сигнал көрінбейді.

## БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

**i** Басқару құралдары басқару панелінің үстінде орналасқан. Басқару құралдарымен басқару үшін құрылғының есігін ашыңқырап ұстаңыз.



- 1** Қосу/өшіру түймешігі
- 2** Бейнебет
- 3** Кешіктіріп бастау сенсорлық түймешігі
- 4** Бағдарлама сенсорлық түймешігі
- 5** Extra-Hygiene сенсорлық түймешігі
- 6** ÖKO PLUS сенсорлық түймешігі
- 7** Multitab сенсорлық түймешігі
- 8** RESET сенсорлық түймешігі
- 9** Индикатор шамдары

### Индикатор шамдары

	Тұз индикаторы. Бұл шам тұз сауытын толтыру қажет болған кезде жанады. 1)
	Сауытты толтырғаннан кейін тұз индикаторы бірнеше сағат жанған қалпы тұрады. Бұл құрылғының жұмысына теріс әсер етпейді.
	Шайғыш зат индикаторы. Бұл индикатор шайғыш зат сауытын толтыру қажет болған кезде жанады. 1)
	"Соңы" индикаторы. Бұл индикатор жуу бағдарламасы аяқталғанда жанады.

1) Жуу бағдарламасы орындалып жатқанда тұз және/не шайғыш зат сауыттары бсап қалса, тиісті индикатор шамдары жанбайды.

## Қосу/өшіру түймешігі

Құрылғыны қосу немесе сөндіру үшін осы түймешікті басыңыз.

Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін он минут өткеннен кейін, AUTO OFF функциясы құрылғыны автоматты түрде сөндіреді. Бұл электр қуатын аз тұтынуға көмектеседі.

## Бейнебет

Бейнебетте төмендегілер көрсетіледі:

- Су жұмсартқыштың электрондық тәсілмен бапталған деңгейі
- Шайғыш зат үлестіргішін қосу және сөндіру (тек multitab функциясы қосұлы тұрғанда ғана)
- Жуу бағдарламасының нөмірі
- Жуу бағдарламасы аяқталғанға дейін қалған уақыт
- Жуу бағдарламасының аяқталуы (бейнебетте нөл көрсетіледі)



- Кешіктіріп бастау параметрінің кері санағы
- Ескерту кодтары
- Дыбыстық сигналдардың қосылуы мен сөндірілуі.

### **Кешіктіріп бастау сенсорлық түймешігі**

Жуу бағдарламасын 1-ден 24 сағатқа дейін кешіктіріп бастау үшін осы сенсорлық түймешікті қайта-қайта басыңыз.

### **Бағдарлама сенсорлық түймешігі**

Жуу бағдарламасын орнату үшін осы сенсорлық түймешікті қайта-қайта басыңыз. Сенсорлық түймешікті әр басқан сайын бейнебетте жуу бағдарламасының нөмірі көрсетіледі. 'Жуу бағдарламалары' тарауын қараңыз.

### **Extra-Hygiene сенсорлық түймешігі**

Бұл функция гигиенаны сақтауға қатысты жақсы нәтижелер береді. Шаю циклі кезінде температура 10-14 минут 70°C градуста тұрады.

Функцияны іске қосу үшін осы сенсорлық түймешікті басыңыз. Тиісті индикатор жанады.

### **ÖKO PLUS сенсорлық түймешігі**

Бұл функция кептіру сатысында температураны азайтады. Тұтынылатын қуат 25% пайызға азаяды.

Құрылғының есігін ашқан кезде ыдыстар су болуы мүмкін. Есікті ашыңқырып, ыдыстарды суытып алуды ұсынамыз.

Функцияны іске қосу үшін осы сенсорлық түймешікті басыңыз. Тиісті индикатор жанады.

### **Multitab сенсорлық түймешігі**

Multitab функциясын іске қосу немесе сөндіру үшін осы сенсорлық түймешікті басыңыз.

Функция іске қосылған кезде, тиісті индикатор жанады.

Функцияны сөндірген кезде, тиісті индикатор сөнеді.

### **RESET сенсорлық түймешігі**

Жұмыс істеп тұрған бағдарламаны біржола тоқтату үшін осы сенсорлық түймешікті басыңыз

### **Параметрлерді орнату режимі**

**Мына әрекеттерді орындау үшін құрылғы параметрлерді орнату режимінде тұруға тиіс:**

- Жуу бағдарламасын орнату және бастау үшін.
- Кешіктіріп бастау бағдарламасын орнату және бастау үшін.
- Су жұмсартқыштың деңгейін электрондық тәсілмен баптау үшін.
- Шайғыш зат үлестіргішті қосу не өшіру (тек multitab функциясы қосуды тұрғанда ғана) үшін.
- Дыбыстық сигналдарды сөндіру немесе қосу үшін.

**Құрылғыны іске қосыңыз. Құрылғы келесі жағдайда параметрлерді орнату режимінде тұрады:**

- Бейнебетте екі көлденең қалып-күй жолағы пайда болса.

**Құрылғыны іске қосыңыз. Құрылғы келесі жағдайда параметрлерді орнату режимінде тұрмайды.**

- Бейнебетте жуу бағдарламасының немесе кешіктіріп бастау циклінің уақыты көрсетіледі.
  - Параметрлерді орнату режиміне қайту үшін жуу бағдарламасын немесе кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтату керек. 'Жуу бағдарламасын таңдау және бастау' тарауын қараңыз.

## Дыбыстық сигналдар

Дыбыстық сигналдар келесі жағдайда естіледі:

- Жуу бағдарламасы аяқталғанда.
- Су жұмсартқыштың деңгейі электрондық тәсілмен бапталғанда.
- Құрылғыда ақау бар кезде.



Зауытта орнатылған параметр: қосулы.

### Дыбыстық сигналдарды сөндіру

1. Құрылғыны іске қосыңыз.
2. Құрылғының параметрлерді орнату режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. (4) және (5) сенсорлық түймешігін, (3), (4) және (5) сенсорлық түймешіктерінің индикаторлары жыпылықтағанша қатар басып ұстап тұрыңыз.
4. (4) және (5) сенсорлық түймешігін босатыңыз.
5. (5) сенсорлық түймешігін басыңыз,
  - (3) және (4) сенсорлық түймешіктерінің индикаторлары сөнеді.
  - (5) сенсорлық түймешігінің индикаторы жыпылықтауын жалғастырады.
  - Бейнебетте дыбыстық сигналдар параметрі көрсетіледі.

**ІЬ**

Дыбыстық сигналдар қосулы.

**ОЬ**

Дыбыстық сигналдар сөндірулі.

6. Параметрді өзгерту үшін (5) сенсорлық түймешігін басыңыз.
7. Құптау үшін құрылғыны сөндіріңіз.

**Дыбыстық сигналдарды қайта қосу үшін (1) бастап (7) дейінгі қадамдарды орындаңыз.**

## ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОЛДАНУ

1. Су жұмсартқыштың деңгейі, тұратын жеріңіздегі судың кермектігіне сай деңгейге қойылғанына көз жеткізіңіз. Сай келмесе, су жұмсартқыштың деңгейін реттеңіз.
2. Тұз сауытына ыдыс жуғыш машина тұзынан салыңыз.
3. Шайғыш зат сауытына шайғыш заттан салыңыз.

4. Ас құралдары мен ыдыс-аяқтарды құрылғыға салыңыз.
5. Ыдыс-аяқтың салынған мөлшері мен ластығына қарай жуу бағдарламасын дұрыс орнатыңыз.
6. Жуғыш зат үлестіргішіне жуғыш затты тиісті мөлшерде салыңыз.
7. Жуу бағдарламасын бастаңыз.



Егер құрама жуғыш таблеткаларды ('3 in 1', '4 in 1', '5 in 1') қолдансаңыз, multitar функциясын қолданыңыз ('Multitar функциясы' тарауын қараңыз).

## СУ ЖҰМСАҚТАЙТЫН БҰЙЫМЫН САЛУ

Су жұмсартқыш судың құрамындағы минералдар мен тұздарды кетіреді. Бұндай минералдар мен тұздар құрылғыға нұқсан келтіреді.

Су жұмсартқыштың деңгейі тұратын жеріңіздегі судың кермектігіне сай келмесе, су жұмсартқыштың деңгейін реттеңіз.

Тұратын жеріңіздегі судың кермектігін, жергілікті сумен жабдықтау мекемесіне хабарласып біліңіз.

Судың кермектігі				Судың кермектігін реттеу	
Неміс градусы (dH°).	Француз градусы (°TH).	ммоль/л	Кларк градусы	қолмен	электрондық тәсілмен
51 - 70	91 - 125	9,1 - 12,5	64 - 88	2 1)	10
43 - 50	76 - 90	7,6 - 9,0	53 - 63	2 1)	9
37 - 42	65 - 75	6,5 - 7,5	46 - 52	2 1)	8
29 - 36	51 - 64	5,1 - 6,4	36 - 45	2 1)	7
23 - 28	40 - 50	4,0 - 5,0	28 - 35	2 1)	6
19 - 22	33 - 39	3,3 - 3,9	23 - 27	2 1)	5 1)
15 - 18	26 - 32	2,6 - 3,2	18 - 22	1	4
11 - 14	19 - 25	1,9 - 2,5	13 - 17	1	3
4 - 10	7 - 18	0,7 - 1,8	5 - 12	1	2
< 4	< 7	< 0,7	< 5	1 2)	1 2)

1) Зауытта орнатылған параметр.


2) Осы деңгейде тұрса тұзды қолданбаңыз.



Су жұмсартқышты қолмен және электрондық тәсілмен реттеуіңіз қажет.

## Қолмен реттеу

Су кермектігі тетігін 1-ші немесе 2-ші орынға (кестеге қараңыз) қойыңыз.



## Электрондық жолмен реттеу

1. Құрылғыны іске қосыңыз. Құрылғының параметрлерді орнату режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. (4) және (5) сенсорлық түймешігін, (3), (4) және (5) сенсорлық түймешіктерінің индикаторлары жыпылықтағанша қатар басып ұстап тұрыңыз.
3. (4) және (5) сенсорлық түймешігін босатыңыз.
4. (3) сенсорлық түймешігін басыңыз,
  - (4) және (5) сенсорлық түймешіктерінің индикаторлары сөнеді.
  - (3) сенсорлық түймешігінің индикаторы жыпылықтауын жалғастырады.
  - Дыбыстық сигналдар естіледі.
  - Бейнебетте су жұмсартқыштың параметрі (мысалы:  $S L$  және дыбыстық сигнал естіледі = 5-ші деңгей).
5. Параметрді өзгерту үшін (3) сенсорлық түймешігін қайта-қайта басыңыз.
6. Құптау үшін құрылғыны сөндіріңіз.



Су жұмсартқыш электрондық тәсілмен 1-ші мәнге қойылса, тұз индикаторы сөнген қалпы тұрады.

## ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНАСЫ ҮШІН АРНАЛҒАН


### Тұз сауытын қалай толтыру керек

1. Тұз сауытының қақпағын сағат бағытына қарсы бұрап ашыңыз.
2. Тұз сауытына 1 литр су (тек ең алғаш тұз салғанда) құйыңыз.
3. Тұз сауытын тұзға толтыру үшін құйғышты пайдаланыңыз.
4. Тұз сауытының ернеуінің айналасындағы тұзды тазалаңыз.
5. Тұз сауытының қақпағын сағат бағытымен бұрап жабыңыз.



Тұз сауытын тұзға толтырған кезде, одан су төгіледі, бұл дұрыс.

## ЖУҒЫШ ЖӘНЕ ШАЙҒЫШ ЗАТТЫ ҚОЛДАНУ



### Тазалау бұйымдарын қолдану



Қоршаған ортаға зиян келтірмес үшін, жуғыш затты қажетті мөлшерден артық пайдаланбаңыз.

Жуғыш зат өндірушісінің жуғыш заттың орамында көрсеткен нұсқауларын орындаңыз.

Шайғыш зат үлестіргішті қалай толтыру керек:

1. Жуғыш зат үлестіргіштің **2** қақпағын ашу үшін **7** оны босататын түймешікті басыңыз.
2. Жуғыш затты үлестіргішке салыңыз **1**.
3. Жуу бағдарламасының алдын ала жуу циклі бар болса, құрылғы есігінің ішкі бетіне жуғыш заттан аз ғана салыңыз.
4. Құрама жуғыш таблеткаларды қолдансаңыз, оларды жуғыш зат үлестіргішіне салыңыз **1**.
5. Жуғыш зат үлестіргішін жабыңыз. Қақпағын өз орнына түскенше басыңыз.



Жуғыш таблеткаларды қолданған кезде ұзақ жуу бағдарламаларын қолданыңыз. Себебі қысқа жуу бағдарламалары таблеткаларды толық еріте алмайды және жуу нәтижесін төмендетеді.

### Шаю бұйымдары



Шайғыш зат ыдыстарды ешбір жолақ немесе дақ қалдырмай кептіруге мүмкіндік береді.

Шайғыш зат үлестіргіші соңғы шаю циклі кезінде шайғыш затты автоматты түрде қосады.

Шайғыш зат үлестіргішін толтыру үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Шайғыш зат үлестіргіштің **6** қақпағын ашу үшін **5** босататын түймешікті басыңыз.

2. Шайғыш зат үлестіргішті **3** шайғыш затпен толтырыңыз. 'max' таңбаламасы ең үлкен мәнді көрсетеді.
3. Жуу бағдарламасы орындалған кезде, төгіліп қалған шайғыш зат қатты көпіршімес үшін сіңіргіш шүберекпен тазалап алыңыз.
4. Шайғыш зат үлестіргішін жабыңыз. Қақпағын өз орнына түскенше басыңыз.

## Шайғыш заттың үлестірілетін мөлшерін белгілеңіз

Зауытта мына мән орнатылған: 3.

Шайғыш заттың үлестірілетін мөлшерін 1 (ең аз) және 4 (ең көп) мәндерінің біріне қоюға болады.

Шайғыш заттың мөлшерін **4** көбейту немесе азайту үшін шайғыш зат тетігін бұраңыз.

## МУЛЬТИ ТАБ ФУНКЦИЯСЫ

Multitab функциясы құрама жуғыш таблеткаларға арналған.

Бұл таблеткалардың құрамында жуғыш зат, шайғыш зат және ыдыс жуғыш машинаға арналған тұз бар. Кейбір таблеткаларда басқа да жуғыш заттар болады.

Бұл таблеткалардың тұратын жеріңіздегі судың кермектігіне (жуғыш құралдардың орамындағы нұсқауларға қараңыз) сай келетініне көз жеткізіңіз.

Multitab функциясы шайғыш зат пен тұзды ағызбай тоқтатып тастайды.

Multitab функциясы тұз бен шайғыш зат индикаторларын сөндіреді.

Multitab функциясын қолданғанда, бағдарлама уақыты ұзарады.



Multitab функциясын жуу бағдарламасын бастамай тұрып қосыңыз не өшіріңіз. Жуу бағдарламасы жұмыс жасап тұрған кезде, функцияны қосып не өшіре алмайсыз.

Multitab функциясын қосу

- Multitab сенсорлық түймешігін басыңыз, multitab индикаторы жанады. Функция іске қосұлы.
- Multitab функциясын орнатсаңыз, ол қайта өшіргенше қосұлы тұрады.

Multitab функциясын өшіріп, жуғыш зат, тұз бен шайғыш затты жеке-жеке пайдалану үшін

1. Multitab сенсорлық түймешігін басыңыз, multitab индикаторы сөнөді. Функция сөндірулі.
2. Тұз сауыты мен шайғыш зат үлестіргішін толтырыңыз.
3. Судың кермектігін ең үлкен мәнге қойыңыз.
4. Жуу бағдарламасын ыдыс салмай орындаңыз.
5. Жуу бағдарламасы аяқталған кезде, су жұмсартқышты тұратын жеріңіздегі судың кермектігіне қойыңыз.
6. Шайғыш заттың қосылатын мөлшерін реттеңіз.

## АС ҚҰРАЛДАРЫ МЕНЕН ЫДЫС-АЯҚТЫ САЛУС





'Құрылғыны толтыру ProClean тәсілдері' тарауын қараңыз.

## Ақыл-кеңес

- Құрылғыға су сіңіретін заттарды (жөке, ас үй шүберектері) салмаңыз.
- Заттарға жабысқан тағам қалдықтарын алыңыз.
- Заттарға күйіп жабысқан қалдықтарды жібітіңіз.
- Шұңғыл ыдыстардың (мысалы, кесе, стакан және кәстрөл) аузын төмен қаратып салыңыз.
- Сауыттарға немесе шыныаяқтарға су жиналып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Ас құралдары мен ыдыс-аяқты араласып кетпейтін етіп салыңыз.
- Стакандарды бір-біріне тигізбей салыңыз.
- Кішкене заттарды ас құралдары себетіне салыңыз.
- Қасықтар бір-біріне жабысып қалмас үшін басқа ас құралдарымен араластырып салыңыз.
- Ыдыс-аяқтарды себеттерге салғанда, олардың барлық жеріне су тиетініне көз жеткізіңіз.
- Жеңіл заттарды үстіңгі себетке салыңыз. Заттарды жылжып кетпейтін етіп салыңыз.
- Пластик заттар мен жабысқақ емес қаптамасы бар ыдыстарға су тамшылары тұрып қалуы мүмкін.



## ЖУУ ПРОГРАММАЛАР

Бағдарлама	Ластану түрі	Ыдыс-аяқтың түрі	Бағдарлама сипаттамасы
<b>1</b> AUTO 45°-70° <sup>1)</sup>	Барлығы	Фарфор ыдыс, ас құралдары, кәстрөлдер мен табалар	Алдын ала жуу Жуу 45 °C не 70 °C Шаю циклдары Құрғату
<b>2</b> PRO 70°	Қатты ластанған	Фарфор ыдыс, ас құралдары, кәстрөлдер мен табалар	Алдын ала жуу Жуу 70 °C Шаю циклдары Құрғату
<b>3</b> Quick 30MIN <sup>2)</sup> 60°	Жаңа ластанған	Фарфор ыдыс-аяқ пен ас құралдары	Жуу 60 °C Шаю
<b>4</b> ECO 50° <sup>3)</sup>	Қалыпты ластанған	Фарфор ыдыс-аяқ пен ас құралдары	Алдын ала жуу Жуу 50 °C Шаю циклдары Құрғату
<b>5</b> Quick 50MIN 55°	Шамалы ластанған	Фарфор ыдыс-аяқ пен ас құралдары	Жуу 55 °C Шаю циклдары
<b>6</b> ProZone 70° <sup>4)</sup>	Орташа ластанған	Фарфор ыдыс, ас құралдары, кәстрөлдер мен табалар	Алдын ала жуу Жуу 70 °C Шаю циклдары Құрғату


Бағдарлама	Ластану түрі	Ыдыс-аяқтың түрі	Бағдарлама сипаттамасы
7  45°	Қалыпты не шамалы ластанған	Осал ыдыс-аяқ пен шыны ыдыс	Жуу 45 °C Шаю циклы Құрғату
8 	Бұл бағдарламаны ыдыстарды жылдам шаю үшін қолданыңыз. Бұл қалдықтардың ыдыстарға жабысып, құрылғыдан жағымсыз иіс шығаруына жол бермейді. Бұл бағдарламаны қолданғанда, жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.		Шаю

- 1) Құрылғы себеттердегі заттардағы ластықтың түрі мен мөлшерін анықтай алады. Ол температураны, судың мөлшерін, қуат параметрі мен бағдарлама уақытын автоматты түрде реттейді.
- 2) Осы бағдарламамен жаңа ластанған ыдыстарды жууға болады. Бұл қысқа уақыт ішінде жақсы нәтиже береді.
- 3) Бұл сынақ мекемелеріне арналған стандартты бағдарлама. Осы бағдарламаны қолданып, қалыпты кірлеген фарфор ыдыс-аяқ пен ас құралдарын жуғанда, су мен қуат барынша тиімді жұмсалады. Сынақ деректерін ілеспе кітапшадан қараңыз.
- 4) Осы бағдарламамен орташа ластанған ыдыстарды жууға болады. Қатты ластанған ыдыс астыңғы себетте және қалыпты ластанған ыдыс үстіңгі себетте. Астыңғы себеттегі су қысымы үстіңгі себетке қарағанда үш есе жоғары болады. Астыңғы себеттегі су температурасы үстіңгі себетке қарағанда 25% пайыз жоғары болады.




#### Функциялар

Бағдарлама	Extra-Hygiene	ÖKO PLUS
1 AUTO 45°-70°	Иә, әсер етеді	Иә, әсер етеді
2 PRO 70°	Иә, әсер етпейді	Иә, әсер етеді
3 Quick 30MIN 60°	Иә, әсер етеді	Иә, әсер етпейді
4 ECO 50°	Иә, әсер етеді	Иә, әсер етеді
5 Quick 50MIN 55°	Иә, әсер етеді	Иә, әсер етпейді
6 ProZone 70° 	Иә, әсер етпейді	Иә, әсер етеді
7  45°	Иә, әсер етпейді	Иә, әсер етеді



Бағдарлама	Extra-Hygiene	ÖKO PLUS
8 	Иә, әсер етпейді	Иә, әсер етпейді

**Пайдалану көлемі**

Бағдарлама	Бағдарлама уақыты (минут)	Қуат (кВт/с)	Су (литр)
1 AUTO 45°-70°	90 - 160	0,9 - 1,7	8 - 15
2 PRO 70°	140 - 160	1,4 - 1,6	13 - 14
3 Quick 30MIN 60°	30	0,8	9
4 ECO 50°	160 - 170	0,9 - 1,0	9 - 11
5 Quick 50MIN 55°	50 - 60	1,0 - 1,1	10 - 11
6 ProZone 70° 	130 - 140	1,3 - 1,5	14 - 15
7  45°	65 - 75	0,8 - 0,9	11 - 12
8 	14	0,01	4



Бұл мәндерді судың қысымы мен температурасы, электр қуатының ауытқуы және ыдыс-аяқтың мөлшері өзгертуі мүмкін.

**ЖУУ БАҒДАРЛАМАСЫН ТАҢДАУ ЖӘНЕ БАСТАУ****Жуу бағдарламасын кешіктіріп бастау функциясынсыз бастау**

1. Құрылғыны іске қосыңыз. Құрылғының параметрлерді орнату режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Жуу бағдарламасын орнатыңыз.
  - Бейнебетте бағдарлама нөмірі жыпылықтайды.
3. Егер қажет болса, Extra-Hygiene немесе ÖKO PLUS функциясын орнатыңыз.

- Бұл функцияларды әрқашан жуу бағдарламасын орнатқаннан кейін таңдау керек.
4. Құрылғы есігін жабыңыз, жуу бағдарламасы автоматты түрде басталады.

## Кешіктіріп бастау функциясы бар жуу бағдарламасын бастау

1. Құрылғыны іске қосыңыз.
2. Құрылғының параметрлерді орнату режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Жуу бағдарламасы мен функцияларын орнатыңыз.
4. Кешіктіріп бастау түймешігін бейнебетте кешіктіріп бастау уақыты көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.
  - Бейнебетте кешіктіріп бастау уақыты жыпылықтайды.
  - Кешіктіру индикаторы қосылады.
5. Құрылғы есігін жапқан кезде кері санақ автоматты түрде басталады. Кері санақ аяқталған кезде, жуу бағдарламасы автоматты түрде басталады.



Құрылғы есігі ашылса, кері санақ кідіреді. Есікті жапқаннан кейін, кері санақ тоқтаған жерінен бастап жалғасады.

## «Кешіктіріп бастау» функциясын болдырмау

### Кері санақ орындалмайды

1. Кешіктіріп бастау сенсорлық түймешігін бейнебетте жуу бағдарламасының нөмірі көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.
  - Бейнебетте сан жыпылықтайды.
2. Құрылғы есігін жабыңыз, жуу бағдарламасы автоматты түрде басталады.

### Кері санақ орындалады

1. Құрылғы есігін ашыңыз.
2. Кешіктіріп бастау сенсорлық түймешігін бейнебетте жуу бағдарламасының нөмірі көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.
  - Сан бірнеше секунд жыпылықтап тұрады да, содан кейін бейнебетте жуу бағдарламасының уақыты көрсетіледі.
3. Құрылғы есігін жабыңыз, жуу бағдарламасы автоматты түрде басталады.

## Жуу бағдарламасын кідірту

- Құрылғы есігін ашыңыз.
  - Жуу бағдарламасы тоқтайды.
- Құрылғы есігін жабыңыз.
  - Жуу бағдарламасы үзілген жерінен бастап жалғасады.

## Жуу бағдарламасын біржола тоқтату

Егер жуу бағдарламасы басталмаса, параметрді өзгертуіңізге болады.

Жуу бағдарламасы орындалып тұрған кезде параметрді өзгерту үшін бағдарламаны біржола тоқтату керек.

- RESET сенсорлық түймешігін бейнебетте екі көлденең жолақ пайда болғанша басыңыз.



Жаңа жуу бағдарламасын бастар алдында, жуғыш зат үлестіргіште жуғыш заттың бар екеніне көз жеткізіңіз.

## Жуу бағдарламасының соңы

Жуу бағдарламасы аяқталған кезде, үзік-үзік дыбыстық сигнал естіледі.

1. Құрылғы есігін ашыңыз.
  - "Соңы" индикаторы қосылады
  - Бейнебетте нөл көрсетіледі.
2. Құрылғыны сөндіріңіз.
3. Құрғату нәтижесін жақсарту үшін құрылғы есігін бірнеше минут ашып қойыңыз.

## Себеттердегі ыдыс-аяқтарды алыңыз

- Ыдыс-аяқтарды құрылғыдан суығаннан кейін ғана алыңыз. Ыстық ыдыстар осал келеді.
- Алдымен астыңғы себеттегі, содан кейін үстіңгі себеттегі ыдыстарды алыңыз.
- Құрылғының қабырғалары мен есігіне су тұруы мүмкін. Тот баспайтын болат, ыдыс-аяққа қарағанда тез салқындайды.


## КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ

### Сүзгілерді алу және тазалау


Қоқыс тұрған сүзгілер жуу нәтижесін төмендетеді.

Бұл сүзгілер көп күтімді талап етпесе де, оларды мезгіл-мезгіл тексеріп, қажет болса, тазалап отыруды ұсынамыз.


1. (A) сүзгісін сағат бағытына қарсы бұрап,  
(B) сүзгісінен алыңыз.



2. (А) сүзгісі екі бөліктен тұрады. Сүзгіні ағытып алу үшін оларды бір-бірінен ажыратыңыз.
3. Бөліктерін сумен әбден тазалаңыз.
4. (А) сүзгісінің екі бөлігін өзара біріктіріңіз де, үстінен басыңыз. Олардың бір-біріне дұрыс кірігіп орналасқанына көз жеткізіңіз.
5. (В) сүзгісін алыңыз.
6. (В) сүзгісін сумен әбден жуыңыз.



7. (В) сүзгісін әдепкі орнына қойыңыз. Сүзгінің екі бағыттағыштың (С) астына дұрыс кірігіп орналасқанына көз жеткізіңіз.
8. (А) сүзгісін (В) сүзгісіндегі орнына қойыңыз. (А) сүзгісін сағат бағытымен бекітілгенше бұраңыз.



## Бүріккіш түтіктерді тазалау

Бүріккіш түтіктерді ағытып алмаңыз.

Бүріккіш түтіктердің тесіктері бітеліп қалса, қалдықтарды жіңішке шырпымен тазалаңыз.

## Құрылғының сыртын тазалау

Құрылғының сыртын және басқару панелін дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз.

Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені немесе еріткіштерді (мысалы, ацетон) пайдаланбаңыз.

## НЕ ІСТЕРСІҢІЗ, ЕГЕР...

Құрылғы жұмыс істей бастамайды немесе жұмыс істеп тұрып тоқтап қалады.

Алдымен ақаулықты түзету жолын іздеңіз (кестеге қараңыз). Өзіңіз түзете алмасаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

**Кей ақаулықтар орын алғанда, бейнебетте ескерту кодтары көрсетіледі:**

- **,10** - Ыдыс жуғыш машинаға су құйылмай тұр
- **,20** - Құрылғының суы төгілмейді
- **,30** - Тасқынға қарсы құрал қосуды.



### Назарыңызда болсын!

Тексеріп көру алдында құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.

Дұрыс жұмыс істемеу	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Құрылғыға су құйылмай тұр.	Су құйылатын шүмек бітелген немесе оған қақ тұрған.	Су құятын шүмекті тазалаңыз.
	Судың қысымы тым төмен.	Жергілікті сумен жабдықтау мекемесіне хабарласыңыз.
	Су құятын шүмек жабық.	Су құятын шүмекті ашыңыз.
	Су құятын түтіктегі сүзгі бітеліп қалған.	Сүзгіні тазалаңыз.
	Су құятын түтік дұрыс жалғанбаған.	Түтіктің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
	Су құятын түтік бүлінген.	Су құятын түтіктің еш жерінің бүлінбегенін тексеріңіз.
Құрылғыдан су ақпай тұр.	Раковинаның түтікшесі бітеліп қалған.	Раковинаның түтікшесін тазалаңыз.
	Су төгетін түтік дұрыс жалғанбаған.	Түтіктің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
	Су төгетін түтік бүлінген.	Су төгетін түтіктің еш жерінің бүлінбегенін тексеріңіз.
Тасқынға қарсы құрал қосулы.		Судың шүмегін жабыңыз да, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Жуу бағдарламасы басталмайды.	Құрылғының есігі ашық тұр.	Құрылғы есігін жабыңыз.
	Қуат ашасы розеткаға сұғылмаған.	Ашаны розеткаға қосыңыз.
	Сақтандырғыш блогындағы сақтандырғышқа нұқсан келген.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз.
	Кешіктіріп бастау функциясы орнатылған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтатыңыз.</li> <li>Кері санақ аяқталған кезде, жуу бағдарламасы автоматты түрде басталады.</li> </ul>

Тексеріп болғаннан кейін құрылғыны іске қосыңыз. Бағдарлама үзілген жерінен бастап жалғасады.

Ақаулық қайта орын алса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бейнебетте белгісіз ақаулық кодтары пайда болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қызмет көрсету орталығына қажетті деректер техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген.

Мына деректі жазып қойыңыз:

- Үлгі (MOD.) .....
- Құрылғының нөмірі (PNC) .....
- Сериялық нөмірі (S.N.) .....

### Жуу мен құрғату нәтижелері қанағаттанарлықтай емес.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Ыдыс-аяқ таза емес.	Жуу бағдарламасы салынған ыдыс-аяқтың түріне және ластану дәрежесіне сай емес.	Салынған ыдыс-аяқтың түріне және ластану дәрежесіне сай жуу бағдарламасын таңдаңыз.
	Себеттерге ыдыс-аяқтар дұрыс салынбаған, су олардың барлық жеріне жетпейді.	Себеттерге ыдыс-аяқтарды дұрыс салыңыз.
	Бүріккіш түтіктер еркін айнала алмайды. Заттар себеттерге дұрыс салынбаған.	Ыдыс-аяқтар себеттерге дұрыс салынбағандықтан, бүріккіш түтіктердің дұрыс айнала алмай тұрғанын тексеріңіз.
	Сүзгілер ластанған немесе дұрыс құрастырылып, орнатылмаған.	Сүзгілердің таза екеніне, дұрыс құрастырылып, орнатылғанына көз жеткізіңіз.
	Жуғыш зат өте аз салынған немесе мүлде салынбаған.	Жуғыш заттың жеткілікті мөлшерде салынуын қамтамасыз етіңіз.
Ыдыс-аяққа әк түйіршіктері тұрып қалған.	Тұз сауыты босап қалған.	Тұз сауытына ыдыс жуғыш машина тұзынан салыңыз.
	Су жұмсартқыштың деңгейі дұрыс орнатылмаған.	Су жұмсартқышты дұрыс деңгейге қойыңыз.
	Тұз сауытының қақпақшасы дұрыс жабылмаған.	Тұз сауытының қақпақшасын дұрыс жабыңыз.
Ыдыс-аяқ пен стакандар айғыз-айғыз, оларға ақшыл жолақтар түскен не беті көкшіл тартқан.	Шайғыш зат тым көп мөлшерде қолданылған.	Шайғыш зат мөлшерін азайтыңыз.
Стакандар мен ыдыста кепкен су тамшысының ізі қалған.	Шайғыш зат тым аз мөлшерде қолданылған.	Шайғыш зат мөлшерін көбейтіңіз.
	Бұның себебі жуғыш заттарға байланысты болуы мүмкін.	Басқа фирманың жуғыш затын қолданыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Ыдыс-аяқ кеппеген.	Жуу бағдарламасында құрғату циклі болмаған немесе құрғату циклі шамалы орындалған.	Құрғату нәтижесін жақсарту үшін есікті бірнеше минут ашып қойыңыз.
Ыдыс-аяқ кеппеген және түсі ашылмаған.	Шайғыш зат үлестіргіші босап қалған.	Шайғыш зат сауытына шайғыш заттан салыңыз.
	Multitab функциясы қосулы (бұл функция шайғыш зат үлестіргішін автоматты түрде ажыратады).	Шайғыш зат үлестіргішін белсенді күйге көшіріңіз.

## Шайғыш зат үлестіргішін қосу

1. Құрылғыны іске қосыңыз.
2. Құрылғының параметрлерді орнату режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. (4) және (5) сенсорлық түймешігін, (3), (4) және (5) сенсорлық түймешіктерінің индикаторлары жыпылықтағанша қатар басып ұстап тұрыңыз.
4. (4) және (5) сенсорлық түймешігін босатыңыз.
5. (4) сенсорлық түймешігін басыңыз.
  - (3) және (5) сенсорлық түймешіктерінің индикаторлары сөнеді.
  - (4) сенсорлық түймешігінің индикаторы жыпылықтауын жалғастырады.
  - Бейнебетте шайғыш зат параметрі көрсетіледі.

<i>0 d</i>	Шайғыш зат үлестіргіші ажыратулы.
<i>1 d</i>	Шайғыш зат үлестіргіші қосулы.

6. Параметрді өзгерту үшін (4) сенсорлық түймешігін басыңыз.
7. Құптау үшін құрылғыны сөндіріңіз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИППАТАМА


Өлшемдері	Ені Биіктігі Тереңдігі	596 мм 818 - 898 мм 550 мм
Электртоғына қосу	Кернеу Жалпы қуат Сақтандырғыш Жиілік	220-240 В 2200 Вт 10 А 50 Гц
Сумен жабдықтау қысымы	мин. макс.	0,5 бар (0,05 МПа) 8 бар (0,8 МПа)
Сумен жабдықтау <sup>1)</sup>	Суық су немесе ыстық су	макс. 60 °С
Сыйымдылығы	Орналастыру параметрлері	12


1) Су құятын түтікті 3/4" бұрамасы бар су шүмегіне жалғаңыз.



Егер ыстық су басқа қуат көздерінен (мысалы, күн батареясы, фотоэлектрлік батарея, жел) алынса, тұтыну қуатын азайту үшін құрылғыны ыстық су жүйесіне жалғаңыз.

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛДІРМЕУ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Бұйымдағы немесе бұйым қорапшасындағы  белгісі осы бұйым кәдімгі үй қалдығы емес екенін көрсетіп білдіреді. Сондықтан оны ескі электр және электроникалық бұйымдарды жинап утилизация үшін арнайы контейнерлерге салуыңыз керек. Осы бұйымды дұрыс түрде утилизация арқылы Сіз қоршаған орта менен адам денсаулығына түсіп пайда бола алатын зиянын болдыртпауын үшін үлес қоса аласыз; осы зиян бұл бұйымды дұрыс емес қолданғанда пайда болуы мүмкін. Осы бұйымның утилизациясы туралы көбірек білуіңіз үшін жергілікті әкімшілігіңізбен, қалдықтарды жинап әкететін мекемеңізбен немесе осы бұйымды Өзіңізге сатқан дүкенімен хабарласыңыз.

Мынандай белгіше салынған орам материалдарын қайта өңдеуге тапсырыңыз.  . Орам материалдарын қайта өңделетін қалдықтарды салуға арналған контейнерге тастаңыз.



## ДЛЯ ВІДМІННОГО РЕЗУЛЬТАТУ

Дякуємо, що обрали цей прилад AEG. Ми створили його для бездоганної роботи протягом багатьох років, за інноваційними технологіями, які допомагають робити життя простішим - ці властивості, які можна й не знайти в звичайних приладах. Будь ласка, приділіть декілька хвилин, аби прочитати, як отримати найкраще від цього приладу.

## ПРИЛАДДЯ І ВИТРАТНІ МАТЕРІАЛИ

В інтернет-магазині AEG ви знайдете усе необхідне, для того, аби усі ваші прилади AEG виглядали бездоганно і відмінно працювали. Також тут представлений широкий асортимент приладдя, розробленого та створеного за найвищими стандартами якості, - від спеціального посуду до кошиків для столових приборів, від тримачів для пляшок до мішків для прання делікатної білизни...



Відвідайте інтернет-магазин на сайті  
[www.aeg-electrolux.com/shop](http://www.aeg-electrolux.com/shop)

## ЗМІСТ

- 51 Інформація з техніки безпеки
- 55 Опис виробу
- 56 Панель керування
- 58 Використання приладу
- 59 Установка пом'якшувача води
- 60 Використання солі для посудомийних машин
- 61 Використання мийного засобу і ополіскувача
- 62 Функція Multitab
- 63 Завантажування ножів та посуду
- 63 Програми миття посуду
- 66 Вибір і запуск програми миття посуду
- 67 Догляд та чистка
- 69 Що робити, коли ...
- 71 Технічні дані
- 72 Охорона довкілля

У цій інструкції застосовуються такі символи:



Важлива інформація, що стосується вашої особистої безпеки, та інформація про те, як уникнути пошкодження приладу.



Загальна інформація та рекомендації



Екологічна інформація

Може змінитися без оповіщення



## ІНФОРМАЦІЯ З ТЕХНІКИ БЕЗПЕКИ

Перед встановленням та експлуатацією приладу уважно прочитайте цю інструкцію, щоб забезпечити:

- вашу особисту безпеку та безпеку вашого майна;
- збереження довкілля;
- правильну роботу приладу.

Завжди зберігайте цю інструкцію разом із приладом, навіть якщо ви переїжджаєте в інше місце або передаєте прилад іншій особі.

Виробник не несе відповідальності за пошкодження, що виникли через неправильне встановлення або експлуатацію.

### Безпека дітей і вразливих осіб

- Не дозволяйте користуватися приладом особам, у тому числі дітям, з обмеженими фізичними або розумовими здібностями чи недостатнім досвідом і знаннями. При користуванні приладом такі особи мають перебувати під наглядом або виконувати вказівки відповідальної за їх безпеку людини.
- Пакувальні матеріали слід тримати в недоступному для дітей місці. Існує ризик задушення або травмування.
- Тримайте всі м'які засоби в безпечному місці. Не дозволяйте дітям торкатися м'яких засобів.
- Не допускайте дітей та домашніх тварин до приладу, коли його дверцята відчинені.

### Загальні правила безпеки

- Не змінюйте технічні характеристики приладу. Існує ризик отримання травм та пошкодження приладу.
- Щоб уникнути опіків очей, рота та горла, дотримуйтеся правил техніки безпеки, вказаних виробником м'яких засобів для посудомийних машин.
- Не пийте воду з приладу. У приладі можуть залишатися рештки м'якого засобу.
